27-бағанда 24-бағаннан есепті кезеңде көшелерде, алаңдарда, саябақтарда, скверлерде жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

28-бағанда отбасылық-тұрмыстық салада жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

29-бағанда ашылмаған, ескіру мерзімінің өтуіне байланысты адамсыз тоқтатылған қылмыстық теріс қылықтардың саны көрсетіледі.

30-бағанда адамдарға қатысты жеке іс жүргізуге бөлінген сотқа дейінгі тіркелген тергеп-тексерулердің саны көрсетіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

**4-тарау. Есептің 1-1-бөлімі "Ағымдағы кезеңде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар және қабылданған шешімдер туралы мәліметтер**

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

7. Есептің 1-1 бөлімі ағымдағы кезеңде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар және қабылданған шешімдер туралы мәліметтері қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК баптарына және тарауларына сәйкес ағымдағы кезенің тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы мәліметтер бейнеленеді.

ҚР ҚК "Адам өлтіру" 99-бабы бойынша қылмыстар, бөлек жолдарда бейнеленетін өлтіруге оқталу және дайындалу көрсетілмей есептеледі.

1-1-бөлімінің көрсеткіштері өткен жылдарды есепке алмастан, тек ағымдағы кезеңдегі шешімдерімен тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар жөніндегі 1-бөлімге ұқсас қалыптастырылады.

**4-1-тарау. "Кәсіпкерлік қызмет саласындағы тіркелген құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер" есебінің 1-2-тарауы**

Ескерту. 4-1-тараумен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 27.09.2022 № 191 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-1. Есептің 1-2-тарауы кәсіпкерлік қызмет саласындағы тіркелген құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерді құрайды.

Жолдарда ҚР ҚК-нің баптары мен тарауларына сәйкес ағымдағы кезеңдегі тіркелген құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер көрсетіледі.

**5-тарау. "Бұдан бұрын құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандар, адамдар тобы, алкогольді мас күйінде жасаған аяқталған істер бойынша тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар және оларды жасаған адамдар туралы мәліметтер" есебінің 2-бөлімі**

8. Есептің 2-бөлімі бұдан бұрын құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандар, адамдар тобы, алкогольді мас күйінде жасаған аяқталған істер бойынша тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар және оларды жасаған адамдар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК баптарына және тарауларына сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

ҚР ҚК "Адам өлтіру" 99-бабы бойынша қылмыстар бөлек жолдарда бейнеленетін өлтіруге оқталу және дайындалу көрсетілмей есептеледі.

1-бағанда қылмыстық істері есептік кезеңде алғаш рет аяқталған (сотқа жолданған немесе тоқтатылған) құқық бұзушылықтар ескеріледі.

2-бағанда 1-бағаннан ағымдағы жылы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны бөлініп көрсетіледі.

3-бағанда кәмелетке толмағандар немесе олардың қатысуымен жасалған құқық бұзушылықтар бейнеленеді.

4-бағанда 3-бағаннан ағымдағы жылы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны бөлініп көрсетіледі.

5-бағанда бұдан бұрын құқық бұзушылық жасаған адамдардың жасалған құқық бұзушылықтары бейнеленеді.

6-бағанда 5-бағаннан ағымдағы жылы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны бөлініп көрсетіледі.

7-бағанда 5-бағаннан құқық бұзушылықтар, соның ішінде алынбаған және өтелмеген соттылығы барлары бейнеленеді.

8-бағанда алкогольді мас күйінде жасалған құқық бұзушылықтар бейнеленеді.

9-бағанда 8-бағаннан ағымдағы жылы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны бөлініп бейнеленеді.

10-бағанда есірткіге мас күйінде жасалған құқық бұзушылықтар бейнеленеді.

11-бағанда 10-бағаннан ағымдағы жылы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны бөлініп көрсетіледі.

12-бағанда адамдар тобы жасаған құқық бұзушылықтар бейнеленеді.

13-бағанда 12-бағаннан ағымдағы жылы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны бөлініп көрсетіледі.

14-бағанда 12-бағаннан адамдар тобының кәмелетке толмағандардың қатысуымен жасалған құқық бұзушылықтары туралы мәліметтер бейнеленеді.

15-бағанда - қылмыстық топ жасаған (12-бағаннан); 16-бағанда - қылмыстық қоғамдастық жасаған (12-бағаннан); 17-бағанда - қылмыстық ұйым жасаған (12-бағаннан) мәліметтер бейнеленеді.

## 6-тарау. "Жәбірленушілер туралы мәліметтер (құқық бұзушылықтар бойынша) (ҚР ҚПК 71-бабы)" есебінің 3-бөлімі

9. Есептің 3-бөлімі есепке алынуы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жүргізілетін жәбірленушілер туралы (ҚР ҚПК-нің 71-бабы) мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК-нің баптарына және тарауларына сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер көрсетіледі.

ҚР ҚК-нің "Адам өлтіру" 99-бабы бойынша қылмыстар бөлек жолда бейнеленетін өлтіруге оқталу және дайындалу көрсетілмей есептеледі.

1-бағанда жәбірленушілердің саралау белгілері бойынша жасалған құқық бұзушылықтардың жалпы саны, олардың ішінде 2-ден 24-ке дейінгі бағандар бойынша әйелдерге (2-баған), кәмелетке толмағандарға (3-баған), оқушыларға (4-баған) қатысты бөлініп көрсетіледі. 4-бағаннан 5-7-бағандарда мектептердің (гимназиялардың, лицейлердің), колледждердің, жоғары оқу орындарының оқушылары бөлініп көрсетіледі.

8-ден 10-ға дейінгі бағандарда оларға қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасалған мүгедектігі бар адамдардың, зейнеткерлердің және сотталғандардың саны туралы мәліметтер көрсетіледі.

11-ден 14-ке дейінгі бағандарда жәбірленушілердің азаматтығы көрсетіледі.

Адамдардың жасы жас санаты бойынша 15-тен 24-ке дейінгі бағандарда көрсетіледі
.

25-бағанда заңды тұлғаларға қатысты мәліметтер көрсетіледі.

26-бағанда жәбірленушінің қаза болуына алып келген мәліметтер көрсетіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 27.09.2022 № 191 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**7-тарау. "Аяқталған қылмыстық істер бойынша белгіленген материалдық залал сомасы және оның өтелуі туралы мәліметтер" есебінің 4-бөлімі**

10. Есептің 4-бөлімі құқық бұзушылық нәтижесінде келтірілген материалдық залалдың белгіленген сомасы туралы және оны өтеу туралы (аяқталған, соның ішінде сотқа жолданған қылмыстық істер жөніндегі) мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК баптарына және тарауларына сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

ҚР ҚК "Адам өлтіру" 99-бабы бойынша қылмыстар бөлек жолдарда бейнеленетін өлтіруге оқталу және дайындалу көрсетілмей есептеледі.

1-бағанда қылмыстық істері есептік кезеңде тергеп-тексерілген құқық бұзушылықтардан келген залалдың белгіленген сомасының мөлшері көрсетіледі. Олардың ішінен 2, 3, 4-бағандарда мемлекетке, заңды және жеке тұлғаларға келген залалдың белгіленген мөлшері бөлініп көрсетіледі.

5-бағанда сотқа жолданған істер бойынша белгіленген залал сомасының мөлшері көрсетіледі.

6-бағанда 5-бағанға ұқсас, тек ҚР ҚПК 35-бабының 1-бөлімі 3), 4), 9), 10), 11), 12) тармақтары және 36-бабына сәйкес тоқтатылған істер жөніндегі мәліметтер көрсетіледі.

7-бағанда сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында өтелген соманың мөлшері көрсетіледі. Олардың ішінде 8, 9, 10-бағандарда мемлекетке, заңды және жеке тұлғаларға өтелген мөлшері бөлініп көрсетіледі.

11-бағанда сотқа жолданған істер бойынша өтелген залалдың мөлшері көрсетіледі.

12-бағанда 11-бағанға ұқсас, тек ҚР ҚПК 35-бабы 1-бөлімінің 3), 4), 9), 10), 11), 12) тармақтары және 36-бабы бойынша тоқтатылған істер жөніндегі мәліметтер көрсетіледі
.

13-бағанда тыйым салу және мүліктен айыру сомасының мөлшері көрсетіледі. Олардың ішінде 14, 15, 16 бағандарда мемлекетке, заңды және жеке тұлғаларға келген тыйым салу және мүліктен айыру сомасының мөлшері бөлініп көрсетіледі.

17-бағанда тек сотқа жолданған істер бойынша тыйым салу және мүліктен айыру сомасының мөлшері көрсетіледі.

18-бағанда 17-бағанға ұқсас, тек ҚР ҚПК 35-бабы 1-бөлімінің 3), 4), 9), 10), 11), 12) тармақтары және 36-бабы бойынша тоқтатылған істер жөніндегі мәліметтер көрсетіледі
.

Ақша қаражатының көлемі мың теңгемен көрсетіледі.

### 8-тарау. "Есептік кезеңде іс жүргізудегі және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша белгіленген материалдық залал сомасы және оның өтелуі туралы мәліметтер (мың теңгемен)" есебінің 4-1 бөлімі

11. Есептің 4-1-бөлімі есептік кезеңде іс жүргізудегі және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша белгіленген материалдық залал сомасы және оның өтелуі туралы мәліметтерді қамтиды .

Жолдарда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚР ҚК) баптарына және тарауларына сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

ҚР ҚК 99-бабы "Адам өлтіру" бойынша қылмыстар бөлек жолдарда бейнеленетін өлтіруге оқталу және дайындалу көрсетілмей есептеледі.

1-бағанда қылмыстық құқық бұзушылықтары есептік кезеңде іс жүргізуде болған құқық бұзушылықтармен келтірілген залалдың белгіленген сомасының мөлшері көрсетіледі. Олардың ішінен 2, 3, 4-бағандарда мемлекетке, заңды және жеке тұлғаларға келген залалдың белгіленген мөлшері бөлініп көрсетіледі.

5-бағанда іс жүргізуде орналасқан қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша өтелген соманың мөлшері көрсетіледі. Оның ішінде 6, 7, 8-бағандарда мемлекетке, заңды және жеке тұлғаларға өтелген залалдың мөлшері бөлінеді.

9-бағанда есептік кезеңде тергеп-тексеру мерзімі үзілген құқық бұзушылықтар бойынша келтірілген залалдың белгіленген сомасының мөлшері көрсетіледі. Оның ішінде 10, 11, 12-бағандарда мемлекетке, заңды және жеке тұлғаларға белгіленген залалдың мөлшері бөлініп көрсетіледі.

13-бағанда тергеп-тексеру мерзімі үзілген істер бойынша өтелген соманың мөлшері көрсетіледі. Оның ішінде 6, 7, 8-бағандарда мемлекетке, заңды және жеке тұлғаларға өтелген залалдың мөлшері бөлініп көрсетіледі.

Ақша қаражатының көлемі мың теңгемен көрсетіледі.

### 9-тарау. Есептің 5-бөлімі "Қылмыстық жазасын өтеп жүрген адамдар жасаған, оның ішінде мекеме аумағынан тыс тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер

Ескерту. 9-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

12. Есептің 5-бөлімі қылмыстық жазасын өтеп жүрген, күдіктілерді, тергеудегілерді-тұтқындалғандарды алдын ала оқшаулау мекемелеріндегі адамдар жасаған құқық бұзушылықтар саны туралы мәліметтерден тұрады. Осы тарауда қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің аумағында ғана емес, сондай-ақ өңірде жасалған барлық құқық бұзушылықтар бейнеленеді. Қылмыстық жазасын өтемейтін және күдікті

, тергеудегі-тұтқындалған болып табылмайтын адамдар жасаған құқық бұзушылықтар бұл тарауда бейнеленбейді.

Жолдарда ҚР ҚК баптарына және бөлімдеріне сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

ҚР ҚК "Адам өлтіру" 99-бабы бойынша қылмыстар бөлек жолдарда бейнеленетін өлтіруге оқталу және дайындалу көрсетілмей есептеледі.

Бағандардағы деректер 1-бөлімнің осындай атаудағы бағандарына ұқсас бейнеленеді.

3-12-бағандарда тиісінше: минималды қауіпсіздік мекемелерінде, орташа қауіпсіздік мекемелерінде, максималды қауіпсіздік мекемелерінде, төтенше қауіпсіздік мекемелерінде, толық қауіпсіздік мекемелерінде, кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіздік мекемелерінде, аралас қауіпсіздік мекемелерінде, пробация қызметінде, уақытша ұстау изоляторында және басқаларда жасалған құқық бұзушылықтар көрсетіледі.

## 10-тарау. "Құқық бұзушылықтар жасаған адамдар туралы мәліметтер" есебінің 6-бөлімі

13. Есептің 6-бөлімі құқық бұзушылықтар жасаған, соның ішінде қылмыстық жауаптылыққа тартылған, қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамдар, әйел жынысты адамдар туралы, сондай-ақ құқық бұзушылық жасаған адамдардың азаматтығы, жас құрамы туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК баптарына және бөлімдеріне сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

ҚР ҚК "Адам өлтіру" 99-бабы бойынша қылмыстар бөлек жолдарда бейнеленетін өлтіруге оқталу және дайындалу көрсетілмей есептеледі.

1-бағанда анықталған адамдардың жалпы саны бейнеленеді.

2-бағанда 1-бағаннан қылмыстық істері сотқа жолданған адамдар саны көрсетіледі.

3-бағанда 1-бағаннан қылмыстық істері ҚР ҚПК 35-бабы 1-бөлімінің 3), 4), 9), 10), 11), 12) тармақтарына және 36-бабына сәйкес тоқтатылған адамдар саны бөлініп көрсетіледі.

4-бағанда 1-бағаннан ҚР ҚПК 518-бабы тәртібімен қылмыстық істері бойынша шешім қабылданған адамдар саны бөлініп көрсетіледі.

5-бағанда Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, құқық бұзушылық жасаған адамдар саны көрсетіледі.

6-бағанда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің азаматтары болып табылатын, құқық бұзушылық жасаған адамдар саны көрсетіледі.

7-бағанда алыс шетелдің азаматтары болып табылатын, құқық бұзушылық жасаған адамдар саны көрсетіледі.

8-бағанда құқық бұзушылық жасаған әйелдер саны көрсетіледі.

9-бағанда құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандар саны туралы мәліметтер қамтылады.

10, 11 және 12-бағандарда жас санаттары тиісінше 12-13 жас, 14-15 жас және 16-17 жас бойынша кәмелетке толмағандар туралы мәліметтер бейнеленеді.

13-тен 18-ге дейінгі бағандарда құқық бұзушылықтар жасаған адамдардың жасы көрсетіледі.

## 11-тарау. "Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдар жұмысының түрі туралы мәліметтер" есебінің 7-бөлімі

14. Есептің 7-тарауы адамның құқық бұзушылық жасау кезіндегі жұмысының түрі туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК баптарына және тарауларына сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

ҚР ҚК "Адам өлтіру" 99-бабы бойынша қылмыстар бөлек жолдарда бейнеленетін өлтіруге оқталу және дайындалу көрсетілмей есептеледі.

1-баған құқық бұзушылық жасаған кезінде жұмысшы болып саналатын адамдар туралы мәліметтерді қамтиды.

2-баған құқық бұзушылық жасаған кезінде мемлекеттік функцияларды орындайтын адамдар туралы мәліметтерді қамтиды.

3-бағанда құқық бұзушылық жасаған жеке кәсіпкерлер саны көрсетіледі.

4-баған құқық бұзушылық жасаған кезінде оқитын адамдар саны туралы мәліметтерді қамтиды. Соның ішінде 4-бағаннан: 5-бағанда мектептердің, гимназиялардың, лицейлердің оқушылары туралы мәліметтер бейнеленеді; 6-бағанда кәсіптік техникалық училищелердің және колледждердің оқушылары көрсетіледі; 7-бағанда жоғары оқу орындарының оқушылары көрсетіледі.

8-баған құқық бұзушылық жасаған кезінде жұмыссыз болып табылатын адамдар туралы мәліметтерден тұрады.

9 және 10-бағандар құқық бұзушылық жасаған адамдардың білім деңгейін көрсетеді .

11-15-бағандар құқық бұзушылық жасаған кезінде әскери қызметшілер болып табылатын адамдар туралы мәліметтерді есепке алады.

16-баған құқық бұзушылық жасаған өзге де адамдар туралы мәліметтерді қамтиды.

## 12-тарау. "Құқық бұзушылық жасаған құқық қорғау органдарының қызметкерлері, судьялар және билік пен басқару органдарының өзге де қызметкерлері туралы мәліметтер" есебінің 8-бөлімі

15. Есептің 8-тарауы құқық бұзушылық жасаған құқық қорғау органдарының қызметкерлері, судьялар, әскери қызметшілер және билік пен басқару органдарының өзге де қызметкерлері туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК баптарына және тарауларына сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

ҚР ҚК "Адам өлтіру" 99-бабы бойынша қылмыстар бөлек жолдарда бейнеленетін өлтіруге оқталу және дайындалу көрсетілмей есептеледі.

1-баған құқық бұзушылық жасаған ішкі істер органдарының қызметкерлері туралы мәліметтерді қамтиды.

2-баған құқық бұзушылық жасаған қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қызметкерлері туралы мәліметтерді қамтиды.

3-баған құқық бұзушылық жасаған төтенше жағдайлар органдарының қызметкерлері туралы мәліметтерді қамтиды.

4-баған құқық бұзушылық жасаған ұлттық қауіпсіздік комитеті органдарының қызметкерлері туралы мәліметтерді қамтиды.

5-баған құқық бұзушылық жасаған прокуратура органдарының қызметкерлері туралы мәліметтерді қамтиды.

6-баған құқық бұзушылық жасаған экономикалық тергеп-тексеру қызметінің қызметкерлері туралы мәліметтерді қамтиды.

7-баған құқық бұзушылық жасаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қызметкерлері туралы мәліметтерді қамтиды.

8-баған құқық бұзушылық жасаған судьялар туралы мәліметтерді қамтиды.

9-баған құқық бұзушылық жасаған депутаттар туралы мәліметтерді қамтиды.

10-баған құқық бұзушылық жасаған әкімдер туралы мәліметтерді қамтиды.

11-бағанда сот орындаушылары жасаған құқық бұзушылықтар есепке алынады.

12-бағанда әскери қызметшілер туралы мәліметтер бейнеленеді. Олардың ішінен 13 -16-бағандарда ҚР Ішкі істер министрлігі Ұлттық гвардиясының, ҚР Ішкі істер министрлігі Әскери-тергеу басқармасының, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің қызметкерлері көрсетіледі.

## 13-тарау. "Құқық бұзушылықтарды топта және мас күйінде, сондай-ақ бұдан бұрын құқық бұзушылықтар жасаған адамдар туралы мәліметтер" есебінің 9-бөлімі

16. Есептің 9-бөлімі құқық бұзушылықты топта, сондай-ақ алкогольді және өзге де мас күйінде және бұдан бұрын құқық бұзушылық жасаған адамдар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК баптарына және тарауларына сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

ҚР ҚК "Адам өлтіру" 99-бабы бойынша қылмыстар бөлек жолдарда бейнеленетін өлтіруге оқталу және дайындалу көрсетілмей есептеледі.

1-бағанда топта құқық бұзушылық жасаған адамдардың барлық саны бейнеленеді. Олардың ішінде 2-бағанда топта құқық бұзушылықтар жасаған кәмелетке толмағандар

саны бөлініп көрсетіледі; 3-бағанда топта кәмелетке толмағандардың қатысуымен құқық бұзушылықтар жасаған адамдар бейнеленеді.

4-баған ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қоғамдастық құрамында құқық бұзушылықтар жасаған адамдар туралы мәліметтерді қамтиды.

5-бағанда алкогольді мас күйінде құқық бұзушылық жасаған адамдар саны бейнеленеді, олардың ішінде 6-бағанда алкогольді мас күйінде құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандар саны бөлініп көрсетіледі; 7-бағанда есірткіге немесе есеңгіретін заттар қолданудан туындаған мас күйінде құқық бұзушылықтар жасаған адамдар саны бейнеленеді, соның ішінде 8-бағанда есірткіге немесе есеңгіретін заттар қолданудан туындаған мас күйінде құқық бұзушылықтар жасаған кәмелетке толмағандар саны есепке алынады.

9-бағанда бұдан бұрын құқық бұзушылық жасаған барлық адамдар туралы мәліметтер бейнеленеді.

10-бағанда соның ішінде бұдан бұрын құқық бұзушылық жасаған, алынбаған және өтелмеген соттылығы бар адамдар туралы мәліметтер көрсетіледі.

11-баған әрекеттерінде қайталама немесе қауіпті қайталама қылмыс бар деп танылған адамдар туралы мәліметтерді қамтиды.

12-бағанда бұдан бұрын топта құқық бұзушылықтар жасаған адамдар көрсетіледі.

13-бағанда бұдан бұрын түзеу мекемелерінде ұсталған адамдар бейнеленеді, олардың ішінен: 14-бағанда қылмыстық жазадан босатылғаннан кейінгі 1 жыл өткеннен кейін құқық бұзушылық жасаған адамдар; 15-бағанда шартты-мерзімінен бұрын босатудан кейінгі өтелмеген бөлігі мерзімінде құқық бұзушылық жасаған адамдар көрсетіледі.

16-бағанда (10-бағаннан) бұдан бұрын құқық бұзушылық жасаған және бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазалау шарасына сотталған адамдар көрсетіледі.

17-бағанда (10-бағаннан) пробация қызметінде есепте тұрған адамдар көрсетіледі.

18-бағанда (10-бағаннан) бұдан бұрын құқық бұзушылық жасаған және әкімшілік қадағалаудағы адамдар көрсетіледі.

19-бағанда (10-бағаннан) бұдан бұрын құқық бұзушылық жасаған және формальды түрде әкімшілік қадағалауға түсетін адамдар көрсетіледі.

## 14-тарау. "Құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандар туралы мәліметтер" есебінің 10-бөлімі

17. Есептің 10-бөлімі құқық бұзушылықтар жасаған кәмелетке толмағандар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК баптарына және тарауларына сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

ҚР ҚК "Адам өлтіру" 99-бабы бойынша қылмыстар бөлек жолдарда бейнеленетін өлтіруге оқталу және дайындалу көрсетілмей есептеледі.

1-баған қылмыстық жауаптылыққа тартылған кәмелетке толмағандар санын бейнелейді.

2-бағанда құқық бұзушылық жасаған әйел жынысты адамдар саны бөлек көрсетіледі.

3-баған құқық бұзушылық жасаған, әр түрлі оқу мекемелерінде оқитын кәмелетке толмағандар туралы мәліметтерді қамтиды.

4-бағанда құқық бұзушылық жасаған, оқымайтын және жұмыс істемейтін кәмелетке толмағандар саны бейнеленеді.

5-бағанда топта құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандар саны бөлініп көрсетіледі.

6-бағанда ересектердің қатысуымен топта құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандар саны бөлініп көрсетіледі.

7-баған кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімшелерде есепте тұратын кәмелетке толмағандар туралы мәліметтерді қамтиды.

8-баған бұдан бұрын құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандар туралы мәліметтерді қамтиды.

9-баған бұдан бұрын құқық бұзушылық жасаған және шартты түрде сотталған кәмелетке толмағандар туралы мәліметтерді қамтиды.

**15-тарау. "Адамның қазасына алып келген қасақана жасалған қылмыстардың саны туралы мәліметтер" есебінің 11-бөлімі**

18. Есептің 11-бөлімі адамның қазасына алып келген қасақана жасалған қылмыстардың саны туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР баптары және тарауларына сәйкес тіркелген қылмыстар туралы мәліметтер бейнеленеді.

11-бөлімнің көрсеткіштері 1-бөлімге ұқсас қалыптастырылады.

**16-тарау. "Қаруды және техникалық құралдарды қолдануын жасалған тіркелген құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер" есебіне 1-қосымша**

19. Есептің қосымшасы қару және техникалық құралдар қолданып жасалған, есептік кезеңде тіркелген құқық бұзушылықтар санының мәліметтерін қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК баптарына және тарауларына сәйкес, құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

ҚР ҚК "Адам өлтіру" 99-бабы бойынша қылмыстар бөлек жолдарда бейнеленетін өлтіруге оқталу және дайындалу көрсетілмей есептеледі.

1-бағанда қару, жарылғыш заттар, техникалық құралдар және компьютерлік техника қолданып жасалған, есептік кезеңде тіркелген құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

2-бағанда есептік кезеңде қару қолданып жасалған, тіркелген құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

3-бағанда есептік кезеңде тіркелгендер қатарынан оқ ататын қару қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

4-бағанда есептік кезеңде тіркелгендер қатарынан ойық ұңғылы атыс қаруын қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

5-бағанда есептік кезеңде аяқталғандар ішінен тегіс ұңғылы атыс қаруын қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

6-бағанда есептік кезеңде аяқталғандар ішінен ұңғысыз атыс қаруын қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

7-бағанда есептік кезеңде аяқталғандар ішінен жарақаттау әрекетіндегі патронмен ату мүмкіндігі бар газды атыс қаруын қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

8-бағанда есептік кезеңде аяқталғандар ішінен қолдан жасалған атыс қаруын қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

9-бағанда есептік кезеңде аяқталғандар ішінен газды қаруды қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

10-бағанда есептік кезеңде аяқталғандар ішінен пневматикалық қаруды қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

11-бағанда есептік кезеңде аяқталғандар ішінен лақтырынды қаруды қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

12-бағанда есептік кезеңде аяқталғандар ішінен электрлі қаруды қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

13-бағанда есептік кезеңде аяқталғандар ішінен суық қару қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

14-16-бағандарда есептік кезеңде аяқталғандар ішінен қару қолданып жасалған құқық бұзушылықтар түрлері бойынша бөлініп көрсетіледі: азаматтық, әскери, жауынгерлік қол атқыш.

17-бағанда есептік кезеңде аяқталғандар ішінен тіркелген қаруды қолданып жасалған құқық бұзушылықтар көрсетіледі.

18-бағанда есептік кезеңде аяқталғандар қатарынан тіркелмеген қаруды қолданып жасалған құқық бұзушылықтар көрсетіледі.

19-бағанда есептік кезеңде тіркелгендер ішінен шетелдік азаматтардың қару қолданып жасаған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

20-бағанда азаматтығы жоқ адамдардың қару қолданып жасаған құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді.

21-бағанда есептік кезеңде тіркелгендер ішінен отбасылық-тұрмыстық салада қару қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны ерепке алынады.

22-бағанда есептік кезеңде тіркелгендер ішінен қоғамдық орындарда қару қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі, соның ішінде 23-бағанда көшелерде, алаңдарда, саябақтарда, гүлзарларда қару қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

24-бағанда техникалық құралдарды қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

25-бағанда қоғамдық орындарда техникалық құралдарды қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі, соның ішінде 26-бағанда көшелерде, алаңдарда, саябақтарда, гүлзарларда техникалық құралдарды қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

27-бағанда есептік кезеңде тіркелгендер ішінен жарылғыш заттарды қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

28-бағанда есептік кезеңде тіркелгендер ішінен қоғамдық орындарда жарылғыш заттарды қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі, соның ішінде 29-бағанда көшелерде, алаңдарда, саябақтарда, гүлзарларда жарылғыш заттарды қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді.

30-бағанда есептік кезеңде тіркелгендер қатарынан компьютерлік техниканы қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

### 17-тарау. "Құқық бұзушылықты ашуға ықпал ететін күштер және құралдар туралы мәліметтер" есебінің 2-қосымшасы

20. Есептің 2-қосымшасы құқық қорғау органдары қызметтерінің құқық бұзушылықты ашуға қатысуы, құқық бұзушылықты ашуға ықпал ететін құралдардың пайдаланылуы (есептік кезеңде тергеп-тексерілген қылмыстық істер ішінен) туралы мәліметтерді қамтиды және қылмыстық қудалау органының ішкі ведомстволық көрсеткіші болып табылады.

Бағандарда ҚР ҚК баптарына және тарауларына сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

ҚР ҚК "Адам өлтіру" 99-бабы бойынша қылмыстар бөлек жолдарда бейнеленетін өлтіруге оқталу және дайындалу көрсетілмей есептеледі.

1-83-жолдарда қылмыскерді анықтауда тергеп-тексерумен аяқталған қылмыстық істер бойынша қатысулардың және қосымшаның "А" бағанында көрсетілген күштер және құралдар пайдаланылған қылмыс жағдайларының саны көрсетіледі (тиісті қызметтердің қызметкерлері бойынша бөлінеді).

Қосымшаның бағандарында мыналар көрсетіледі: "А" бағанында – құқық бұзушылықтардың жеке түрлерін ашуға жәрдемдескен негізгі күштер және құралдар; 1 -бағанда – негізгі күштер мен құралдардың қатысуының жалпы саны; 2-бағанда – кісі

өлтіруді ашуға қатысу (ҚР ҚК 99-бабы); 3-бағанда – денсаулыққа қасақана зиян келтіруді ашуға қатысу (ҚР ҚК 106, 107-баптары); 4-бағанда (3-бағаннан) соның ішінде ауыр (ҚР ҚК 106-бабы); 5-бағанда – зорлауды ашуға қатысу (ҚР ҚК 120-бабы); 6-бағанда – қарақшылықты ашуға қатысу (ҚР ҚК 192-бабы); 7-бағанда – тонауды ашуға қатысу (ҚР ҚК 188-бабы); 8-бағанда – ұрлауды ашуға қатысу (ҚР ҚК 188-бабы); 9-бағанда – автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алуды ашуға қатысу (ҚР ҚК 200-бабы); 10-бағанда – есірткі құралдарының заңсыз айналымымен байланысты құқық бұзушылықтарды ашуға қатысу (ҚР ҚК 296-303-баптары); 11-бағанда – парақорлықты ашуға қатысу (ҚР ҚК 366 -368-баптары); 12-бағанда – Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салуға байланысты құқық бұзушылықтарды ашуға қатысу (ҚР ҚК 189-бабы); 13-бағанда – алаяқтықты ашуға қатысу (ҚР ҚК 190-бабы); 14-29-бағандарда ҚР ҚК сәйкес экономикалық қызмет саласындағы құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлері бейнеленеді; 30-бағанда – ақпаратқа, ақпараттық жүйеге немесе ақпараттық-коммуникативтік желіге заңсыз қолжетімділік бойынша құқық бұзушылықтарды ашуға қатысу (ҚР ҚК 205-бабы).

**18-тарау. "Бұрынғы жылдары ашылмағандар ішінен ашылған құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер" есебінің 3-қосымшасы**

21. Есептің 3-қосымшасы бұрынғы жылдары ашылмағандар ішінен ашылған құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК баптарына және тарауларына сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

ҚР ҚК "Адам өлтіру" 99-бабы бойынша қылмыстар бөлек жолдарда бейнеленетін өлтіруге оқталу және дайындалу көрсетілмей есептеледі.

1-бағанда бұрынғы жылдары ашылмағандар ішінен істері есептік кезеңде аяқталған құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді.

2-бағанда 1-бағаннан бұрынғы жылдары ашылмағандар ішінен істері есептік кезеңде сотқа жолданған құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді.

3-бағанда 1-бағаннан бұрынғы жылдары ашылмағандар ішінен істері ҚР ҚПК 36-бабы және 35-бабы 1-бөлімінің 3), 4), 9), 10), 11), 12)-тармақтары және 36-бабы бойынша тоқтатылған құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді.

**19-тарау. "Жасалған суицидтер туралы мәліметтер" есебінің 4-қосымшасы**

22. Есептің 4-қосымшасы СДТБТ-де қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарламалар тіркелген, суицид және (немесе) оған талпыныс жасаған адамдардың саны туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда суицид және (немесе) оған талпыныс жасаған адамдардың саны туралы мәліметтер азаматтығы, жыныстық, жас белгілері бойынша, соның ішінде кәмелетке толмағандарды ерекшелеумен, отбасының және әскери қызметшінің құрамы және материалдық-әлеуметтік қамтамасыз етілуі бойынша ажыратылып көрсетіледі.

Бағандардың көрсеткіштері СДТБТ-1 және СДТБТ-2 нысандарының деректемелеріне сәйкес келуі тиіс.

1-6-бағандар суицид және (немесе) оған талпынысты сау күйінде, алкогольді, есірткіге, токсикомандық мас күйінде, психиканың өзге де ауру күйінде жасаған адамдар туралы мәліметтерді қамтиды.

1-баған 2, 3, 4, 5 және 6-бағандардың сомасына тең болуы тиіс.

7-24-бағандарда суицидтік мінез-құлыққа әкелген факторлар тізбеленуі тиіс. 7-баған 8-24-бағандардың сомасына тең болуы тиіс.

25-40-бағандарда суицид және (немесе) оған талпыныс жасау тәсілдері көрсетіледі. 25-баған 26-34, 40-бағандардың сомасына тең болуы тиіс. Бұл ретте, 34-баған 35-39-бағандардың сомасына тең болуы тиіс.

41-49-бағандар суицид және (немесе) оған талпыныс жасау орны туралы мәліметтерді бейнелейді. 41-баған 42-49-бағандардың сомасына тең болуы тиіс.

**20-тарау. "Тіркелген қылмыстық теріс қылықтар туралы мәліметтер" есебінің 5-қосымшасы**

23. Есептің 5-қосымшасы тіркелген қылмыстық теріс қылықтар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК баптары және тарауларына сәйкес тіркелген қылмыстық теріс қылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

Есептің 5-қосымшаның көрсеткіштері есептің 1-бөліміне ұқсас қалыптастырылады.

**21-тарау. "Тіркелген қылмыстар туралы мәліметтер" есебінің 6-қосымшасы**

24. Есептің 6-қосымшасы тіркелген қылмыстар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК баптары мен тарауларына сәйкес тіркелген қылмыстар туралы мәліметтер бейнеленеді.

Есептің 6-қосымшасының көрсеткіштері есептің 1-бөліміне ұқсас қалыптастырылады.

**22-тарау. "Тіркелген аса ауыр қылмыстар туралы мәліметтер" есебінің 7-қосымшасы**

25. Есептің 7-қосымшасы тіркелген аса ауыр қылмыстар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК баптары мен тарауларына сәйкес, тіркелген аса ауыр қылмыстар туралы мәліметтер бейнеленеді.

Есептің 7-қосымшасының көрсеткіштері есептің 1-бөліміне ұқсас қалыптастырылады.

**23-тарау. "Тіркелген ауыр қылмыстар туралы мәліметтер" есебінің 8-қосымшасы**

26. Есептің 8-қосымшасы тіркелген ауыр қылмыстар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК баптары мен тарауларына сәйкес, тіркелген ауыр қылмыстар туралы мәліметтер бейнеленеді.

Есептің 8-қосымшасының көрсеткіштері есептің 1-бөліміне ұқсас қалыптастырылады.

**24-тарау. "Тіркелген онша ауыр емес қылмыстар туралы мәліметтер" есебінің 9-қосымшасы**

27. Есептің 9-қосымшасы тіркелген онша ауыр емес қылмыстар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК баптары мен тарауларына сәйкес, тіркелген онша ауыр емес қылмыстар туралы мәліметтер бейнеленеді.

Есептің 9-қосымшасының көрсеткіштері есептің 1-бөліміне ұқсас қалыптастырылады.

**25-тарау. "Тіркелген ауырлығы орташа қылмыстар туралы мәліметтер" есебінің 10-қосымшасы**

28. Есептің 10-қосымшасы тіркелген ауырлығы орташа қылмыстар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК баптары мен тарауларына сәйкес, тіркелген ауырлығы орташа қылмыстар туралы мәліметтер бейнеленеді.

Есептің 10-қосымшасының көрсеткіштері есептің 1-бөліміне ұқсас қалыптастырылады.

**26-тарау. "Есептің 11-қосымшасы "Тіркелген ауыр және аса ауыр қылмыстар туралы мәліметтер".**

Ескерту. Нұсқаулық 26-тараумен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

30. Есептің 11-қосымшасы тіркелген ауыр және аса ауыр қылмыстар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК-нің баптары мен тарауларына сәйкес тіркелген ауыр және аса ауыр қылмыстар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Есептің 11-қосымшасының көрсеткіштері есептің 1-бөліміне ұқсас қалыптастырылады.

**27-тарау. Есептің 12-қосымшасы "Қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша (адамдар бойынша) құрбандар саны туралы мәліметтер".**

Ескерту. Нұсқаулық 27-тараумен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

31. Есептің 12-қосымшасы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша (адамдар бойынша) құрбандар саны туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК-нің баптары мен тарауларына сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер көрсетіледі.

ҚР ҚК-нің "Адам өлтіру" деген 99-бабы бойынша адам өлтіруге оқталусыз және дайындалусыз есептеледі, олар жеке жолда көрсетіледі.

Есеп бағандарында жынысы, жас құрамы, азаматтығы, кәсібі бойынша құрбандар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2019 жылғы 24 сәуірдегі
№ 29 бұйрығына
3-қосымша

Мыналардың:

1) "Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы" № 1-М нысанды есепті және оны қалыптастыру және құрастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 29 тамыздағы № 140 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14301 болып тіркелген, 2016 жылғы 28 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 108 бұйрығы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 18-тармағының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15888 болып тіркелген, 2017 жылғы 20 қазанда Нормативтік құқықтық актілерді эталондық бақылау банкінде жарияланған);

3) "Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы" № 1-М нысанды есепті және оны қалыптастыру және құрастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 29 тамыздағы № 140 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 4 мамырдағы № 62 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16911 болып тіркелген, 2018 жылғы 4 маусымда Нормативтік құқықтық актілерді эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК